



Қауіпсіздік Кеңесі

Distr.: General
31 October 2000

2000 жылдың 31 қазанындағы 4213-ші мәжілісінде Қауіпсіздік Кеңесімен қабылданған 1325-ші қарар (2000)

Қауіпсіздік Кеңесі,

өзінің 1999 жылдың 25-ші тамызындағы 1261-ші (1999), 1999 жылдың 17-ші қыркүйегіндегі 1265-ші (1999), 2000 жылдың 19-шы көкегіндегі 1296-шы (2000) және 2000 жылдың 11 тамызындағы 1314-ші (2000) қарарларына *жүгіне отырып*, сонымен бірге өз төрағасының тиісті өтініштеріне жүгіне отырып және 2000 жылдың 8 наурызында Біріккен Ұлттар Ұйымы Күніне байланысты әйелдердің құқықтарымен халықаралық бейбітшілікке арнап (Халықаралық әйелдер күні) Төрағаның баспа үшін жасаған өтінішіне *жүгіне отырып* (SC/6816),

Пекиндік декларацияда және іс-әрекеттер платформасында бекітілген міндеттемелерге, сонымен бірге Біріккен Ұлттар ұйымының бас ассамблеясының жиырма үшінші арнайы сессиясының қорытынды құжатындағы «2000 жылдағы әйелдер: ер-әйелдердің арасындағы теңдік, XXI ғасырдағы дамумен бейбітшілік» (A/S - 23/10/Rev.1) атты міндеттемелерге *жүгіне отырып*,

мақсаттармен Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысының қағидаларын және де Жарғыға сәйкес халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің сүйемелдеуіндегі Қауіпсіздік Кеңесінің бас жауапкершілігін *есепке ала отырып*,

қарапайым халық, әсіресе әйел мен балалар, босқындар мен мәжбүрлі қоныс аударушыларды қосқанда, қарулы даулар негативті әсер етушілердің басым көпшілігін құрайтындығын, сонымен қатар жиі комбатанттар мен қарулы элементтердің нысанасы болып қалыптасатындығына мазасыздығын *білдіре отырып*,

сонымен бірге толық мәнінде, әйелдермен қыз балаларының құқығын дау кезінде және даулардан кейін қорғайтын адамзат құқықтары саласындағы халықаралық гуманитарлық құқықпен нормаларды құрметтеу қажеттілігін *қайта растай отырып,*

миналы қауіп-қатер туралы минадан тазарту және дерек беру бағдарламаларында әйелдер мен қыз балалардың ерекше қажеттіктері есепке алынуын барлық тараптардың қамтамасыз етуі керектігін *ерекше белгілей отырып,*

бейбітшілікті сақтау бойынша операциялардың өткізуінде гендер проблемаларының есепке алыну қажеттілігін мойындай отырып, және де осыған байланысты Виндхук декларациясымен бейбітшілікті қолдауда көп компонентті операцияларының өткізілуінде гендер проблемаларының есепке алынуын қамтамасыз ету бойынша Намибияның іс жоспарын *белгілей отырып* (S/2000/693),

сонымен қатар, 2000 жылдың 8 наурызындағы басылымдағы Төрағаның жасаған өтінішінде көрсетілген қорғау сұрақтары, ерекше қажеттіктер мен әйелдер және балалардың даулы жағдайлардағы құқықтары бойынша, барлық келісімге келуші қызыметшілердің мамандандырылған әзірлігі жайлы ұсыныстың маңыздылығын *растай отырып,*

әйелдер мен қыз балаларға қарулы даулардың ықпалын түсінуді *растай отырып,* және олардың қорғауы мен бейбіт процессінде толық қатысуына кепілдік беретін тиімді ұйымдастыру тетіктерінің бар болуы халықаралық бейбітшілік пен қауіпсіздіктің күшейтілуі мен сүйемелдеуіне недәуір мөлшерде мүмкіндік туғыза алатынын *растай отырып,*

әйелдермен қыз балаларға қарулы даулардың ықпалы жөнінде құрама мәліметтердің қажеттілігін белгілей отырып,

1. халықтық, аймақтық және халықаралық институттар шеңберінде, және даудан сақтап қалу, реттеу және шешілу механизмдерінде шешім қабылдаудың барлық деңгейлерінде әйелдердің белсенді қатысуын қамтамасыз ету жайлы мүше мемлекеттерді шақырады;
2. әйелдердің дауларды реттеуде және бейбіт процесстерде нұсқаушы деңгейде қатысуларын іске асыру ұсынылған стратегиялық жоспарды іске асыруға Бас хатшыны шақырады (A/49/587);

3. арнайы өкілдер мен елшілердің қызметіне әйелдерді көбірек тағайындауды, және оларға Бас хатшының атынан мейірбан іс әрекеттерді жүзеге асыруды міндеттеуге Бас хатшыны *шақырады*, сол себептен мүше мемлекеттерден үнемі жаңартылатын орталықтандырылған тізімге қосу үшін кандидатураларды Бас хатшыға ұсынуға *шақырады*;

4. бұдан әрі, Біріккен Ұлттар ұйымының дала операцияларының шеңберінде әйелдердің рөлі мен үлес қосуын кеңейтуге қол жеткізу үшін Бас хатшыны *шақырады*, әсіресе, әскери бақылаушылар, азаматтық полицей қызметшілер, адам құқықтары жөніндегі қызметшілер мен гуманитарлық қызметкерлердің арасында;

5. бейбітшілікті сақтау операциясына гендер перспективасын қосуға өз дайындығын *білдіреді* және Бас хатшыдан гендер компонентін, лайықты жерлерде, дала операцияларына қосуды қамтамасыз етуге *шақырады*;

6. Әйелдерді қорғау, құқықтары және ерекше қажеттіліктеріне қатысты, сонымен қатар, бейбітшілік құруда оларды барлық шараларға тартуға қатысты, бас хатшыға дайындық саласында мемлекеттік мүшелерге басқару нұсқаларын беріп оларды материалдармен қамтамасыз етуді сұрайды.

7. тиісті қорлар және бағдарламалармен қабылданатын күштерді қоса отырып, соның ішінде әйелдер ісі жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымының Қорымен, Біріккен Ұлттар ұйымының Бала қоры және босқындар ісі жөніндегі Біріккен Ұлттар ұйымының Жоғарғы комиссарының Басқармасының және тиісті органдармен қабылданатын күштерді қоса отырып мүше мемлекеттерді гендер аспектілерін есепке ала отырып қызметшілерді әзірлеу бойынша өзінің ерікті, қаржы, техникалық және материалдық қолдау күштерін кеңейтуге *шақырады*;

8. бейбіт келісімдерді жасауда және жүзеге асыруда гендер аспектілерін есепке алуға негізделген жолды қолдануға барлық қатысушы кейіпкерлерді шақырады, соның ішінде:

а) репатриация және орналастырулар барысында, сонымен бірге, оңалдандыру, қайта қосылу және қақтығыстан кейін қалпына келтіруге байланысты әйелдер мен қыз балалардың ерекше қажеттіктер;

б) әйелдер ұсынатын жергілікті бейбіт әрекеттерді қолдаумен дауларды реттеудің жергілікті процесстеріне, және бейбіт келісімдердің жүзеге

асыруының барлық механизмдер қызметіне әйелдерді тартуға бағытталған шаралар;

с) азаматтың, әйелдер мен қыз балалардың құқықтарын қорғауды және құрметтеуді қамтамасыз ететін шаралар, әсіресе, Конституция, сайлау жүйесі, полиция мен сот органдарының қызметіне қатысты;

9. 1949 жылғы Женевалық конвенцияларына және 1977 жылғы конвенцияларының Қосымша хаттамаларына сәйкес, 1951 жылғы босқындар туралы конвенцияның және 1967 жылғы оның хаттамаларына сәйкес, 1979 жылғы әйелдерге қатысты кемсітудің барлық формаларын жою туралы Конвенциясына және де оның 1999 жылғы Факультативтік хаттамасына сәйкес, 1989 жылғы бала құқықтары туралы Біріккен Ұлттар ұйымының конвенциясына және оның 2000 жылдың 25 мамырындағын екі Факультативтік хаттамаларына сәйкес, және де Халықаралық қылмыстық соттың Римдік заңының тиісті жағдайларын есепке алуда барлық тараптарды қарулы дауларда, құқықтарды және әйелдер мен қыз балаларды қорғауда қолданылатын халықаралық-құқықтық нормаларды толық мәнінде сақтауға шақырады;

10. қарулы дауларда әйелдер мен қыз балаларды жыныстық зорлықтан, әсіресе зорлау және жыныстық зорлықтың барлық формаларынан, және де нәпсі қорлаудың тағы басқа формаларынан қорғауы үшін барлық тараптарды арнайы шаралар қолдануға шақырады;

11. заңсыздықты тоқтатуда және де адам баласына қарсы қылмыстарда, әскери қылмыстарда, әйелдер мен қыз балаларға қатысты нәпсі және зорлықтың тағы басқа да формалары жайлы қылмыстарда соттық тергеуді іске асыруда, барлық мемлекеттер жауапты екендігін *ерекше белгілейді*, сол себепті, мүкіндігі барынша, бұл қылмыстарға рақымшылық туралы ережелер таралмайтындығын қамтамасыз ету қажеттілігін *ескереді*;

12. барлық тараптарды қарулы дауларда лагерьлермен босқындардың ауылдарының азаматтық және гуманитарлық сипатын сыйлап, әйелдер мен қыз балалардың ерекше қажеттіктеріне мән беруге, (соның ішінде олардың жобалауында), шақырады, және өзінің 1998 жылдың 19 қарашасындағы 1208-ші (1998) және 2000 жылдың 19 сәуірндегі 1296-шы (2000) қарарларына *жүгінеді*;

13. бейбітшілікті сақтау операцияларында гендерлік аспектілерді есепке алуда өз дайындығын *білдіреді* және барлық операцияларда гендерлік компонентті қосуды қамтамасыз етуге Бас хатшыны *шақырады*;

14. әйелдер және қыз балалардың ерекше қажеттіктерін ескере отырып, әрдайым Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысының 41-ші бабы бойынша шаралар қолданғанда, олардың қарапайым халық үшін потенциалдық зардабын есепке алуда өз дайындығын *растайды*;

15. Қауіпсіздік Кеңесінің миссиясы гендерлік пікірлерді және әйелдердің құқықтарын есепке алуын қамтамасыз ету үшін, соның ішінде жергілікті және халықаралық әйел топтарымен кеңестерді өткізуі арқылы, өз дайындығын *білдіреді*;

16. әйелдер мен қыз балаларға қарулы даулардың ықпалы жайлы, әйелдердің бейбітшілік құрылысындағы рөлі жайлы, және де бейбіт процесстерінің гендер аспектілері мен дауларды реттеу туралы зерттеу өткізуді Бас хатшыдан *өтінеді*, және де Қауіпсіздік Кеңеске осы зерттеу нәтижелері туралы баяндаманы тапсырып, және де оны барлық мемлекеттердің - Біріккен Ұлттар ұйымының мүшелерінің құзырлығына тапсыруды *өтінеді*;

17. тиісті жағдайларда, бейбітшілікті сақтау миссиясын жүргізуде гендерлік проблемаларды есепке алуды қамтамасыз ету бойынша іс әрекеттерді жүзеге асыру жайлы мәліметті және әйелдер мен қыз балаларға қатысты басқада аспектілер жайлы мәліметті Қауіпсіздік Кеңестің баяндамаларына қосуды Бас хатшыдан *өтінеді*;

18. бұл сұрақпен белсене шұғылдануды жалғастыруға қаулы шығарады.

2000 жылы қабылданған Қауіпсіздік Кеңестің қарарларының тізімі

2000 жылдағы Қауіпсіздік Кеңестің мәжілістері

Қауіпсіздік Кеңестің 1325-ші қарарының қабылдануының 3-ші жылдығы
(2000)